

Мұқаметханұлы Н.,
Набижанқызы З.

**Қытайдың «Бір белдеу
бір жол» инициативасы және
екі ел ынтымақтастығының
перспективасы**

Мақалада, соңғы жылдары Қытай төрағасы «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құру», «Бір белдеу бір жол», «Азия инфрақұрылым инвестиция банкі» құру сияқты инициативаларын көтергендігі сөз болады. Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «2050 стратегиясы» мен «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» стратегиясының маңызды саласы инфрақұрылымдарды дамыту болғандықтан, өзара сәйкесетін тұстары көп. Қытай тарапы өздері көтерген инициативаларын жүзеге асыру үшін қомақты инвестиция салуға дайын. Сондықтан екі екіжақты ынтымақтастық қатынасының даму болашағы зор екені сипатталады.

Түйін сөздер: инициатива, «Жібек жолы», «Бір белдеу бір жол», «Нұрлы жол», ынтымақтастық, даму.

Mukamethanuly N.,
Nabizhankyzy Z.

**China's initiative
«One way, one belt»
and prospects of bilateral
cooperation**

In this article there are considered such recent initiatives as putting up «United constructing of Silk Way economic zone», «One zone one way», «Investigation bank of Asian infrastructure» by President of China. The President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev's «2050 strategy» and «Bright way is a way leading to the future» strategies' important aspect is development of infrastructure, therefore there are a lot of mutual appropriate angles. The Chinese side is ready to investigate a great sum to materialize their own initiatives. Therefore, two bilateral unity relationship's big development future is described.

Key words: Initiative, «Silk Way», «One zone one way», «Bright way», unity, development.

Мұқаметханұлы Н.,
Набижанқызы З.

**Инициатива Китая
«Одинь путь, один пояс»
и перспективы двухстороннего
сотрудничества**

В данной статье рассматривается инициативы председателя КНР «Совместное создание экономического пояса Шелкового пути», «Одинь путь, один пояс», «Азиатский банк инфраструктурных инвестиций». Эти инициативы имеют много общего со стратегическими программы «Стратегия-2050», «Нұрлы жол», которые были выдвинуты президентом Казахстана Н. Назарбаевым, где основной упор делается на развитие инфраструктуры. Китайская сторона, чтобы осуществить свои инициативы, готова выложить огромные инвестиции. В статье описываются перспективы развития двухстороннего сотрудничества в этой сфере.

Ключевые слова: инициатива, «Шелковый путь», «Один пояс, одна дорога», «Нұрлы жол», сотрудничество, развитие.

**ҚЫТАЙДЫҢ
«БІР БЕЛДЕУ БІР ЖОЛ»
ИНИЦИАТИВАСЫ
ЖӘНЕ ЕКІ ЕЛ
ЫНТЫМАҚТАСТЫ-
ҒЫНЫҢ
ПЕРСПЕКТИВАСЫ**

«Бір белдеу бір жол» («一帶一路») жобасы – Қытай Халық Республикасының (ҚХР) халықаралық аймақтық ынтымақтастықты дамыту саясаты. 2015 жылы 28 наурызда ҚХР Сауда министрлігі, Даму және реформа комитеті мен Сыртқы істер министрлігі бірлесіп «Жібек жолы экономикалық белдеуі мен ХХІ ғасырда Теңіз жібек жолын ортақ құруды ілгерлетудің перспективалы қимылдары» деген құжат жариялады. Құжатта «Бір белдеу бір жол» инициативасының дәуірлік ерекшеліктерін, ортақ құрудың принциптерін, құрылым идеясын, ынтымақтастық түйінді тұстарын, ынтымақтастық механизмін, Қытай үкіметінің ол үшін көрсететін белсенді қимылдары мен Қытайдың әр аймақтарында жасалатын ашықтық динамикалары пайымдалған.

Қытайдың «Бір белдеу бір жол» инициативасының көздеген мақсаты: экономикалық факторлардың тәртіппен айналымға түсуі, табиғи ресурстардың жоғары өнімділікпен орналасуы, рынокты терең тұтасуы, Жібек жолы бойындағы мемлекеттердің экономикалық саясаттарының сәйкестенуі арқылы, бұрынғыдан да кең көлемде, бұрынғыдан да жоғары деңгейде, бұрынғыдан да тереңдеген аймақтық ынтымақтастықты өрістетіп, ортақтаса отырып ашық, кең пейіл, біркелкі, жалпыға бірдей пайдалы аймақтық экономикалық ынтымақтастық жүйесін қалыптастыру – деп пайымдалды аталған құжатта. Сондай-ақ онда «Бір белдеу бір жол» ынтымақтастығының басты принципі «өзара пайда жеткізу, ортақ жеңіске жетуде табанды болу» – деп көрсетілген.

Ал ынтымақтастықтың сипаты жөнінде Құжат: бұл экономикалық ынтымақтастық инициативасы, әсте стратегиялық немесе геосаяси одақтастық емес; ол ашықтық, кеңпейілдік процесі, әсте тұмшаланған шағын шеңбер немесе клуб емес; ол ынтымақтастық, ортақ жеңіске жету, өзара пайда жеткізуді көздейді; ашықтық, ортақ кеңесу, ортақ құру, ортақ кенелу мақсатта жетекшілік жасалады, Қытай бір өзі ынтымақтастықтың нәтижесін жеке-дара иеленіп кетуді көздемейді – деп атап көрсетті.

ҚХР үкіметінің бұл Құжаты Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің сыртқы саясат идеясын жүзеге асыру бағдарламасының негізгі принциптері болып табылады. ҚХР төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия елдеріне жасаған алғашқы сапарында

алдымен Астанаға ат басын тіреп, 2013 жылы 7 қыркүйек күні Назарбаев университетінде «Халықтар достығын дәріптеп, көркем болашақты ортақ құрайық» («弘扬人民友谊,共创美好未来») – деген тақырыпта жасаған баяндамасында, «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құрайық» – деген инициативасын ортаға қойды. Ал 2014 жылы Қытай басшысы Индонезияға жасаған мемлекеттік сапарында «Теңіз жібек жолын ортақ құрайық» – деген ұсыныс жасады. Бұл Қытай төрағасының халықаралық жағдайдағы өзгерістерге байланысты және Қытайдың әлемдік қауымдастықтағы орны мен ықпалын нығайту тұрғысынан жасалған стратегиялық дипломатиялық маңызы зор, сауда-экономикалық жоспар болып табылады. Сондықтан оның қаржылық негізін қамтамасыз етуді көздеген «Азия инфрақұрылым инвестиция банкі» («亚洲基础设施投资银行») құруды қолға алып, дайындық жұмысарын белсенді жүргізуде. Бұл банктің құрушы елдердің бірі болуға біздің еліміз де ынта білдіріп отыр.

Қытайдың халықаралық жаңа инициативалары «Жібек жолымен» байланысты ортаға қойылып отыр. Бұның да өзіндік тарихи негізі мен жаңаша мәні бар. Олай болса, алдымен «Жібек жолы» туралы аз-кем айта кету де қажет сияқты.

«Жібек жолы» – ерте замандағы Еуразия континетінде ұзақтан-ұзаққа созылған сауда және мәдениет алмасу жолының жалпы атауы. Оның кең мағынасы, Шығыс Азия, Шығыс Оңтүстік Азия, Оңтүстік Азия, Орталық Азия, Батыс Азия, Еуропа және Африка жерлеріне дейінгі жолды меңзейді. «Ұлы Жібек жолы» Қытайдың көне Чан-ань қаласынан басталып, батысы Сирия, Түркия, Италия және Африка жерлеріне жетіп жатса, шығысы Корея, Жапония және Шығыс Оңтүстік Азия елдеріне ұласып жатты [1]. Әсерлі сөзбен айтқанда, жібек талшықтары Қытайдан төңірекке шашырап тарап жатқанды. Сондықтан да «Жібек жолы» дүниежүзі тарихында сауда мен мәдениет алмасуда аса маңызды рөл атқарды деп санайды тарихшылар.

1877 жылы немістің географ ғалымы Ferdinand von Richthofen өзінің «Қытай» деген еңбегінде алғаш рет «Жібек жолы» деген атауды қолданған екен, кейін неміс тарихшысы Albert Hermann-ның пайымдауы бойынша «Жібек жолы» атауы қоғамда жаппай қолданысқа енді.

«Ұлы Жібек жолының» Орталық Азиядағы маршруты үш бағытпен жүрген. Қазіргі Қытайдың Си-ань қаласынан Батысқа бет алған жібек керуені Шыңжаң жерінен өткен соң, үш маршрутпен жүрген. Оның Солтүстік маршру-

ты Мыңбұлақ, Суиаб, Талас, Отырар қалаларын басып өтіп, Каспий теңізін жағалап Астраханға жетіп, одан Анадолыға барған; Орта маршруты Шыңжаңның Қашқар аймағынан шығып, Ферғана ойпатын басып Самарқанд, Бұқара, Ашхабадқа барып, одан Иран жеріне өткен; Оңтүстік маршруты Қашқариядан шығып Памир тауын асып, Кәшмир арқылы Пәкістан мен Үндістанға барған, сондай-ақ бұл жол Байшавар, Кабул, Машхад, Бағдат, Дамаск арқылы Еуропа мен Африкаға жетіп жатты [2].

Ерте заманда «Ұлы жібек жолының» ашылуына бірнеше тарихи факторлар себеп болды:

– Әрбір аймақтардағы ерекше тауарларды алмастырудың қажеттілігі себеп болды. Ерте заманда дүниежүзіндегі елдердің орналасқан ортасы мен географиясы, ауа-райы мен өндіріс өнімдері, табиғи ресурстары мен мәдениеттеріне байланысты оларда өздеріне ғана тән ерекше өндіріс өнімдері мен табиғи байлықтар қалыптасқан, сондықтан олар өздерінде жоқ нәрселерді басқалардан алуға, өзара айырбас жасауға мұқтаж болды;

– Халықаралық саудадан түсетін пайданың молдығы түрткі болды. Халықаралық құнды бұйымдарды саудалаудан түсетін пайда қомақты болғандықтан, саудагерлер тәуекелшілдікпен халықаралық сауда жасауға ұмтылды, оларға өз елдерінің үкіметтері қолдау көрсетіп, қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге пәрменде шаралар қолданып отырған;

– Рухани қажеттілік те себеп болды. Байырғы өркениет ошақтары әртүрлі аймақтарда қалыптасқандықтан, Шығыс өркениетінің Батысқа, Батыс өркениетінің Шығысқа таралуы осы «Жібек жолы» арқылы ертеде басталған. Өркениеттердің алмасуы көбінесе бейбіт тәсілдермен жасалған. Бұл жөнінде діндердің, әдебиет-көркем өнердің, мәдени, саяси ойлардың таралуын мысалға келтіруге болады.

Осындай себептермен ерте заманда басталған континеттік «Ұлы Жібек жолы» XV ғасырдан кейін сиреді немесе тоқтады. Оның себебі, теңіз қатынастарының дамуына, навигацияның өрлеуіне байланысты әлем елдері арасындағы қатынас-транспорт құралдары жаңарды. Содан кейін Батыстан Шығысқа барушылардың мақсаттары да өзгерген еді. Өйткені, капитализмнің дамуына байланысты отаршылдық басталған болатын. Сол отаршылдық өткен ғасырда аяқтады. Алайда әлем елдері арасындағы қатынастар жаһандану процесімен байланысты, аймақтық, әлемдік масштабта өрістеп келеді. Міне, осындай жағдайда «Жаңа Жібек жолын» жаңғыр-

тудың мәні мен маңызды өзгеше сипат алады. Сондықтан Қытай төрағасы Си Цзиньпиннің «Жібек жолы экономикалық белдеуін ортақ құру» инициативасы айтылғаннан бері, Жібек жолы бойындағы мемлекеттер бұл бастамаға үлкен маңыз беріп, өздерінің даму жоспарларын оған байланысты қарастырып отыр.

«Экономикалық белдеу» деген экономикалық география категориядағы ұғым. Экономикалық белдеудің дамуы белгілі бір магистралды қатынас лагистика маршрутына иек артады, бұл маршруттар дамыған бірнеше ірі қалаларды ядролық орталық ете отырып, экономиканы сонда жинақтайды және оны төңірекке таратады. Сондықтан Приезидент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» стратегиясында, негізінен жеті сала бойынша инфрақұрылымды дамыту белгіленген. Онда тарау-тарау жолдардың барлығы Астанаға барады және сол жолдар әр тарапқа, еліміздің жер-жеріне таралып жатады деп жасалған жоспарына осындай ғылымилық бар деп санаймыз.

Міне, осы тұрғыдан алғанда Қытайдың «Бір белдеу бір жол» жоспарының «Нұрлы жол» бағдарламасымен сәйкесетін тұстары көп [3]. Өйткені «Бір белдеу бір жол» инициативасын жүзеге асыру жөнінде ҚХР үкіметінің қабылдаған «өзара пайда жеткізу, ортақ жеңіске жету» принциптерін кім де болса қабылдай алады. Ал оны нақты іске асыруды әр елдің іскерлік деңгейлері мен жауапкершілігі шешеді.

Қазіргі таңдағы күрделі де құбылмалы халықаралық саяси, экономикалық жағдайда «Ұлы жібек жолын» жаңғыртудың стратегиялық маңызы зор. Қазақстан және Орталық Азиядағы мемлекеттердің экономикасы соңғы жылдары айтарлықтай дамыды, Қытаймен екіжақты және көпжақты экономикалық байланыстары тереңдеуде, Қытай Орталық Азия елдеріне инвестиция салушы негізгі мемлекеттердің біріне айналды. Ал Қазақстанның Қытаймен сауда көлемі ТМД елдерінде Ресейден кейінгі екінші орынды ұстайды. Осындай аймақтық ынтымақтастық тәжірибелер, ендігі жерде қалыптасқан экономикалық қатынастарды кеңейткенде ғана мемлекеттер ара экономикалық, саяси және мәдени алмасулардың ұлғаюына, тұрақты экономикалық дамуды жүзеге асыруға болатынын көрсетті.

«Жібек жолында» Қазақстан мен Қытай арасында ынтымақтастық қатынастарының жоғары деңгейде дамуына тың негіздер қаланды. Олар

Қазақстан Елбасының «Нұрлы жол, болашаққа бастар жол» бағдарламасы мен Қытай төрағасы Син Цзиньпиннің «Бір белдеу бір жол» жоспарындағы сәйкесті тұстары – екіжақты ынтымақтастықтың саясаттық негіздерін анықтады. Екі ел жобаларының сәйкесті тұстарының басты саласы инфрақұрылым болып отыр.

Жаңа Еуразия континенттік жолының ашылуының маңызы зор. Ол Қытайдың Ланьюнның портынан Голландия портына баратын, Азия мен Еуропаны интернационализациялайтын құрлық темір жолы болып табылады. Ол Қытайдың жеті провинциясы мен 430-дан аса аудан қалаларын көктей өтіп Достық шекара бекеті арқылы Қазақстан жеріне еніп, одан Батысқа жол тартады. Жол бойындағы мемлекеттердің барлығы мол капитал, сапалы технология мен басқару тәжірибесіне ие болады, Азия мен Еуропаның рыногын тұтастандырады. 2013 жылы Қытай төрағасы Си Цзиньпин Орталық Азия елдеріне жасаған сапарында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдерімен 48 млрд доллар тұратын инвестиция және ынтымақтастық келісімшартына қол қойды (3). Бұл Орталық Азия елдерімен жаңа Жібек жолын көркейтудің экономикалық қаржылық негізі болып табылады. Ал Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылы қыркүйек айында Қытайға жасаған сапарында, Қытай тарапы 23 млрд доллар инвестиция салып, 25 индустриялық нысандар құруға қол қойды [4]. Бұл екі ел қатынастарының дамуына тың серпін береді.

«Жібек жолы» экономикалық белдеуі аясындағы ынтымақтастық өзара пайда жеткізу, ортақ жеңіске жетуді басты принцип ретінде ұстанады. Осыған байланысты Қытай мемлекетінің төрағасы: «саясат сәйкесу, жолдар тұтасу, сауда көркею, ақша айналу, халық жүрегі тоғысуы керек» [5], – деп санайды.

Әлемдік экономикада жетекші мемлекет ретінде Қытайдың соңғы жылдары көтерген инициативалары, Қазақстан Президентінің жаңа бағдарламаларымен қабысатын тұстары көп. Сондықтан болашақта екі ел арасында негізгі инфрақұрылым құрылыстарын дамыту аясында, «Жібек жолы экономикалық белдеуін» жаңарту бағытында ынтымақтастықтың кеңістігі кеңейетіні сөзсіз. «Өзара пайда жеткізу, ортақ жеңіске жету» принципінде шынайы табанды болған, ортақ жүзеге асырған жобалар сәтті болады, екі ел қатынастары да дами түседі деп сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Хуан Минцин. Жібек жолының тарихи ерекшеліктері және бүгінгі «Жібек жолы экономикалық белдеуі» құрлысынан туған ойлар – «Жібек жолы экономикалық белдеуі – даму таңдауы және Шансидың саясаты ғылыми мақалалар жинағы». – Пекин: Қытай экономика баспасы. – 2014, – 28 б (方光华, 任保平主编. 丝绸之路经济带发展选择与陕西对策论文集. 北京: 中国经济出版社. -2014).
- 2 Рин Баопин, Ма Лили, Шы Бо. «Жібек жолы экономикалық белдеу және жаңа кезеңдегі Батыс бөлікті зор игеру». – Пекин: Қытай экономика баспасы. – 2015, – 199 б (任保平 马莉莉 师博主编. 丝绸之路经济带与新阶段西部大开发. 2015).
- 3 Б.К. Сұлтанов (жауапты ред.). Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества при Казхстанско-Немецком университете. Экономический коридор шелкового пути и Казахстан: состояние и перспективы (Сборник статей). – Алматы: ИМиРС КНУ, – 2015.
- 4 «Жібек жолы экономикалық белдеу және жаңа кезеңдегі Батыс бөлікті зор игеру. – 104 б (丝绸之路经济带与新阶段西部大开发).
- 5 Назия Жоямергенқызы. Қытай – жаңа мүмкіндіктер көзі // Түркістан. 3 қыркүйек 2015. 1-2 б.
- 6 «Жібек жолы экономикалық белдеу және жаңа кезеңдегі Батыс бөлікті зор игеру. – 111 б (丝绸之路经济带与新阶段西部大开发).

References

- 1 Huang Mingxing. Si chou zhilude lishi tedian jiqi jintian «Si chou zhilu jingjidai» jianshide qishi. Fang Guanghua, Ren Baoping. Sichou zhilu jingjidai. Fazhan xuanzi yu Shanxi dusi lunwenji. – Beijing: Zhongguo jingji hubanshe. – 2014 nian, di 28 ye.
- 2 Ren Baoping Ma Lili Shi Bo. «Si chou zhilu jingjidai yu xin jieduan xibu da kaifa». – Beijing: Zhongguo jingji hubanshe. – 2015 nian, di 199 ye.
- 3 Bolat Sultanov (otvet.red.). Issledovatel'skiy institut mezhdunarodnogo i regionalnogo sotrudnichestvo pri Kazakstansko-Nemetskom universitete. Ekonomicheskiy koridor shelkovogo puti i Kazakstan: sostoiyanie i perspektivy (Sbornik statei). – Almaty: IMiRS KNU, 2015.
- 4 «Si chou zhilu jingjidai yu xin jieduan xibu da kaifa». di 102 ye.
- 5 Nazya Zhoyambergenkheze. Khetay – zhanga mumkindikter kozi. «Turkistan». 03.09.2015 zhel.
- 6 «Si chou zhilu jingjidai yu xin jieduan xibu da kaifa». di 111ye.